«Кәсіпқой» телевизиялық жобасының кастингіне қатысу туралы»
шарт-офертасы

1. Жалпы ережелер

1.1. «Кәсіпқой» телевизиялық жобасының кастингіне қатысу туралы» шарт-офертасы (бұдан әрі мәтін бойынша – «Шарт») ҚР Азаматтық кодексінің 395-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы «TLM.KZ» ЖШС өткізілетін (бұдан әрі мәтін бойынша – «Жобаны үйлестіруші») «Кәсіпқой» телевизиялық жобасы (бұдан әрі мәтін бойынша – «Конкурс») конкурсына қатысу үшін кастингке қатысуға өтінім берудің шарттары мен тәртібін анықтайды, жеке тұлғаларға (бұдан әрі мәтін бойынша - Қатысушылар) жолданған Жоба үйлестірушісінің Шарт талаптарымен Конкурс кастингіне қатысу мүмкіндігін беру туралы жария офертасы болып табылады.

1.2. Шарттың мәтіні бойынша бірлесіп аталған кезде Жоба үйлестірушісі мен Қатысушы «Тараптар», ал олардың әрқайсысы жеке-жеке «Тарап» деп аталады.

1.3. Әр Тарап екінші Тарапқа қажетті құқық пен әрекетке қабілеттілікке, сол сияқты оның талаптарына сәйкес Шарт жасасу және орындау үшін қажетті және жеткілікті Барлық құқықтар мен өкілеттіктерге ие екеніне кепілдік береді.

1.4. Шарттың қолданыстағы редакциясы тұрақты негізде Жоба үйлестірушісінің «https://astanatv.kz/kz/projects/97/» сайтында орналасқан, және Қатысушы акцепт жасаған кезге дейін танысу үшін міндетті.

1.5. Жоба үйлестірушісі бір жақты тәртіппен шарттың мазмұнын өзгертуге құқылы. Жоба үйлестірушісі Қатысушыны алдын ала хабарламай-ақ өзгерістер енгізе алады. Шарттың мазмұнының өзгеруі, олар Шарттың жаңартылған мәтіні түрінде Шартты тұрақты орналастыру мекен-жайы бойынша жарияланған сәттен бастап заңды күшіне енеді.

1.6. Кастинг өткізу мекен-жайы Қазақстан Республикасы болып табылады, конкурс кастингінің электрондық поштасының пошталық мекен-жайы (бұдан әрі мәтін бойынша - Мекен-жай) «mukhamejanovn@gmail.com» болып табылады.

2. Шартта қолданылатын терминдер мен анықтамалар

Жобаны ұйымдастырушы – «Астана» телеарнасы.

Қатысушы – Конкурс кастингіне қатысушы:

1) он сегіз жасқа толған тұлға;
2) он сегіз жасқа толмаған тұлғаның қатысуға өтінім беруге құқығы жоқ.

Сайт – Конкурс кастингінің барлық ресми ақпараты орналастырылған бағдарламалық-аппараттық кешені.

3. Шарттың мәні

3.1. Шарт жоба үйлестірушісінің Конкурс кастингіне қатысуға өтінімдерді беру, қабылдау, өңдеу шарттары мен тәртібін анықтайды. Конкурс кастингіне қатысуға өтінім беру ерікті және тегін болып табылады.

3.2. Конкурсқа Қазақстан Республикасы, Өзбекстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы аумағында тұратын жасы шектеусіз кез келген жеке тұлғалар қатыса алады.

3.3. Конкурс кастингінің ресми тілі – орыс тілі болып табылады.

3.4. Конкурс кастингіне қатысу үшін өтінім беру мерзімі 2020 жылдың 1 маусымынан 15 шілдесіне дейін.

3.5. Қатысушылар Конкурс кастингіне жіберген материалдар редакцияланбайды, пікір білдірмейді және Қатысушыларға қайтарылмайды.
3.6. Конкурсқа кастинг өткізумен байланысты барлық оқиғалар туралы Қатысушыларды ақпараттандыру Сайтта жүзеге асырылады. Кез келген ресми ақпаратты Сайтта орналастыру ресми ақпарат тәртібі болып табылады. Әрбір Қатысушы Сайтта ақпарат жарияланған сәттен бастап тиісті тәсілмен ақпараттандырылған болып саналады.
3.7. Әр қатысушы өз еркімен конкурс кастингіне қатысады, және Конкурс үйлестірушісі авторлық материалдардың мазмұны үшін жауап бермейді және Конкурс кастингіне қатысудан және/немесе конкурс сайтын және/немесе оның сервистерін пайдаланудан ешқандай ерекше нәтижелерге кепілдік бере алмайды және уәде етпейді.
3.8. Конкурс үйлестірушісі конкурс кастингінің кез келген қатысушысынан немесе ұйымдастыру комитетіне телекоммуникациялық немесе өзге байланыс арналары бойынша өтініш берген кез келген тұлғадан талап етуге құқылы: жеке басын куәландыратын құжат; тіркеу мекенжайы, нақты пошталық мекен-жайы, Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау үшін және/немесе Конкурс кастингін ұйымдастыру және өткізу үшін қажетті сканерленген көшірмелер немесе нотариалды куәландырылған құжаттар нысанында басқа да құжаттар мен мәліметтер.
3.9. Қатысушы үшінші тұлғалардың авторлық құқықтарын бұзбауға міндеттенеді.
3.10. Шартта белгіленген кастингке қатысудың белгіленген тәртібін бұзғаны немесе қолданыстағы заңнаманы сақтамағаны үшін, Қатысушы растаушы құжаттарды ұсынбай, сондай-ақ конкурсқа қатысудың кез келген кезеңінде кастингтен шығарылуы мүмкін.
3.11. Қатысушыны кастингтен шығару негіздері:
· Конкурс кастингіне қатысу ережелерін бұзу;
· Шартта және Сайтта көрсетілген тәртіппен және мерзімдерде материалдарды ұсынбау.

4. Конкурстық өтінімді беру, өңдеу

4.1. Кастингке қатысуға Өтінімді толтыру кезінде Қатысушы мыналарды көрсетуге міндетті:
4.4.1. ТАӘ тұрғылықты жері;
4.4.2. Қатысушының жасы;
4.4.3. Қатысушының мекен-жайы;
4.4.4. Қатысушының байланыс телефоны;
4.4.5. Қатысушы мамандығы;
4.4.6. Қатысушының жұмыс мекенжайы;
4.4.7. Қатысушының таланты;
4.4.8. Қатысушының бейне/фото/аудио материалы;

4.2. Байқау кастингіне қатысуға өтінім барлық қажетті жолдар толтырылған және бейне/фото/аудио материал тіркелген жағдайда ғана қабылданады.
4.3. Кастингке қатысуға өтінім: WhatsApp, Telegram мессенджерлеріндегі онлайн чат арқылы берілуі мүмкін.
4.4. Кастингке қатысуға Өтінім беру тегін болып табылады.

5. Өтінімдерді өңдеу

5.1. Барлық бейне/фото/аудио материалдар өтінім берген қатысушылар туралы байланыс ақпаратымен бірге бірыңғай базада орналастырылады.
5.2. Бірыңғай базаға қатынауға рұқсатқа ие: кастинг-жоба командасы, сондай-ақ «Reditus» ЖШС техникалық сервис командасы
5.3. Барлық материал «Reditus» ЖШС техникалық сервис серверінде шектеусіз уақыт сақталады.

5.4. Кастингке жіберілген материалдар қайтаруға жатпайды.
5.5. Жоба үйлестірушілері қатысушылар кастингке қатысу үшін берген материалдарды үшінші тұлғалар пайдаланбайтынына кепілдік береді.

6. Кастингке қатысудың өтінімдерін қарастыру

6.1. Жоба үйлестірушілері кастингке қатысушылардың тиісті өтінімдерін дербес таңдау/іріктеу құқығын өзіне қалдырады.
6.2. Жобаны үйлестірушінің Қатысушыны кастингке қатысуға өтінімінің мәртебесі туралы хабардар ету жөніндегі міндеті көзделмеген.
6.3. Жоба үйлестірушісі қатысушыға қызығушылық танытқан жағдайда, жоба үйлестірушісінің өкілі өтінімде көрсетілген байланыс деректері арқылы қатысушымен дербес байланысады және оларға одан арғы әрекеттер туралы ақпаратты хабарлайды, сондай-ақ жобаның кезеңдері бойынша одан әрі өту үшін қосымша ақпарат сұрайды.
6.4. Конкурстың кастингінен өтуге қабылданған өтінімдер қатысушылардың жобаның басқа турларына өту үшін кепілдік болып табылмайды.

7. Шартты жасасу тәртібі және қолданылу мерзімі

7.1. Шарт жобаның үйлестірушісі мен қатысушы арасында қосылу шарты нысанында жасалады (Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 396-399-б.).
7.2. Шарт талаптарының акцепті Шарт талаптарымен танысу және тіркеу нысанының тиісті жолында олармен келісетіні туралы белгі қою болып табылады.
7.3. Шарт талаптарының акцепті қатысушының Шарттың барлық талаптарын қандай да бір алып тастаусыз және/немесе шектеусіз толық және сөзсіз қабылдауын білдіреді және кастингке қатысу туралы екі жақты жазбаша шарт жасасуға тең.
7.4. Шарт талаптарының акцепт мерзімі шектелмеген.
7.5. Шарт белгісіз мерзімге жасалды.

8. Шартты өзгерту және тоқтату

8.1. Тараптар Жоба үйлестірушісі Шарт талаптарына өзгерістер енгізуге құқылы деп келісті. Жоба үйлестірушісі енгізген өзгерістер, егер Жоба үйлестірушісімен өзгеше көзделмесе, олар Сайтта орналастырылған сәттен бастап Тараптар үшін міндетті болады.
8.2. Шарт талаптарының өзгеруімен келіспеген жағдайда, Қатысушы Жоба үйлестірушісі Сайтта Шарттың жаңа редакциясын орналастырған сәттен бастап үш күнтізбелік күн ішінде Жоба үйлестірушісі белгілеген нысан бойынша қол қойылған өтініштің түпнұсқалық данасын Жоба үйлестірушісіне беру арқылы Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.
8.3. Жоба үйлестірушісі Қатысушыдан Шарттың 8.2-тармағында белгіленген мерзімде Шартты орындаудан біржақты бас тарту туралы жазбаша хабарламаны алмаған жағдайда, Қатысушы Шарт талаптарының өзгеруіне келісім білдірген болып есептеледі.
8.4. Шартты орындаудан бас тарту, Шартты бұзу, өзге де себептер бойынша Шарттың қолданылуын тоқтату Қатысушының кастингке қатысуын тоқтатуға әкеп соғады.
8.5. Жоба үйлестірушісі Қатысушыға Шартта көзделген тәсілдердің кез келгеніне тиісті хабарлама жіберу арқылы Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы. Бұл жағдайда Шарт тиісті хабарлама жіберілгеннен кейін 15 (он бес) күнтізбелік күн өткен соң бұзылды деп есептеледі.

9. Тараптардың жауапкершілігі

9.1. Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шарт талаптарына сәйкес өз міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін жауапты болады.

9.2. Жоба үйлестірушілері кастингке қатысушылардың өтінімдерін қабылдау/ресімдеу кезінде жүйенің техникалық істен шығуы үшін жауапты болмайды. Бұл жағдайда барлық техникалық ақаулар форс-мажор жағдайлары болып табылады.
9.3. Жоба үйлестірушісі жауапты болмайды:
9.3.1. Жоба үйлестірушісіне байланысты емес себептер бойынша туындаған және қатысушының Жоба үйлестірушісінің хабарламаларын уақтылы алмауына немесе алмауына әкеп соққан, кастингке өтінімдерді қабылдау бойынша жүйенің іркілісіне әкеп соққан пошта, ғаламтор, байланыс желілері жұмысындағы іркілістер, техникалық іркілістер (электр қоректенуді және байланыс желілерін ажырату/бүлдіру, процессингтік орталықтың бағдарламалық қамтамасыз етуінің іркілістері) үшін;
9.3.2. егер Қатысушының жеке деректері туралы ақпарат байланыс арналарын пайдалану кезінде тыңдау немесе ұстап қалу нәтижесінде басқа тұлғаларға белгілі болса;
9.3.3. егер Қатысушының дербес деректері туралы ақпарат Қатысушының дербес деректерді сақтау және пайдалану шарттарын сақтамауы нәтижесінде өзге тұлғаларға белгілі болса;
9.3.4. Қатысушыда шарт шеңберінде Жоба үйлестірушісімен өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін байланыс құралдарына қол жетімділіктің уақытша болмауы, сондай-ақ осыған байланысты Қатысушының шығындары үшін;
9.3.5. Қатысушының кастинг өтінімін дұрыс толтырмағаны нәтижесінде туындаған шығындар үшін;
9.3.6. Қатысушы хабарлама жіберу үшін дұрыс емес, анық емес, қате деректерді ұсыну нәтижесінде туындаған залалдар үшін;
9.3.7. Қатысушының дұрыс емес сәйкестендіру деректерін беруі нәтижесінде туындаған залалдар үшін;
9.3.8. хабарламаны жіберу үшін Қатысушының деректерді жаңартпауы нәтижесінде туындаған залалдар үшін.
9.4. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, егер ол еңсерілмейтін күштің әрекеттерінен, яғни төтенше және еңсерілмейтін мән-жайлардан, оның ішінде дүлей құбылыстардан, әскери әрекеттерден, билік органдарының актілерінен туындаған болса, мүліктік жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмес күш жағдайлары туындаған кезде Тарап 5 (бес) жұмыс күні ішінде басқа Тарапты міндеттемелерді орындаудың мүмкін еместігі туралы жазбаша нысанда хабардар етуге тиіс.
9.5. Жоба үйлестірушілері өз өтінімінде кастинг қатысушысы көрсеткен дұрыс емес және/немесе қате ақпарат үшін жауап бермейді. Қате деректер үшін барлық жауапкершілік қатысушының өзіне жүктеледі.
9.6. Кастинг қатысушыларына Жоба үйлестірушілерінің атына қатысушының таланттарын көрсетуге қатысы жоқ контентті жіберуге үзілді-кесілді тыйым салынады (СПАМ). Осы тармақ бұзылған жағдайда қатысушы оқшауланады және Конкурс кастингіне қатысуға жіберілмейді.
9.7. Қатысушы Жоба үйлестірушілеріне 18+, физикалық және/немесе моральдық зиян келтірілгенін көрсететін порнографиялық сипаттағы, терроризмді насихаттайтын, саяси, діни сипаттағы, коммерциялық және/немесе өзге құпия болып табылатын компаниялардың брендіне зиян келтіретін контент жіберген, сондай-ақ кез келген өзге де заңды бұзған жағдайда және т. б. – Жоба үйлестірушілері қатысушының байланыс деректерін құқық қорғау органдарына беру құқығын өзіне қалдырады.

10. Төлем

10.1. Тараптар кастингке қатысу тегін деп келіседі.

10.2. Тараптар Қатысушылар конкурс кастингіне өзінің қатысуын төлемейді, ал Жоба үйлестірушілері Қатысушыларға оларды тапсырғаны/Қонкурс кастингіне қатысқаны үшін ақы төлемейді деп келіседі.

11. Басқа ережелер

11.1. Қатысушы Шарттың барлық талаптары оған түсінікті екеніне кепілдік береді және ол оларды сөзсіз және толық көлемде қабылдайды.
11.2. Қатысушы Конкурс кастингін құқыққа қарсы мақсаттарда, сондай-ақ Шартта көрсетілгендерден басқа мақсаттарда пайдаланбайтынына кепілдік береді.
11.3. Қатысушы осы Шартқа қол қоя отырып, осы Шарттың талаптарымен танысқандығын растайды, сондай-ақ Жоба үйлестірушісіне Қатысушы осы Шарттың шеңберінде ұсынған фото, аудио, бейне жазбаларды және басқа да материалдарды пайдалануға толық құқық беруге өз келісімін береді.
11.4. Қатысушы Жоба үйлестірушісіне өзінің қалауы бойынша осы Шарт шеңберінде қатысушы ұсынған фото, аудио, бейне жазбаларды және басқа да материалдарды, оның ішінде жарнамалық роликтерді пайдалануға өз келісімін береді, ал Қатысушы ұсынылған материалдарды осындай пайдалануға байланысты Жоба үйлестірушісіне наразылығы жоқ.
11.5. Егер уақытты анықтаудың өзге тәртібі қосымша келісілмесе, Конкурс кастингінің барысы туралы ақпаратты өңдейтін Жоба үйлестірушілері серверінің деректері негізінде анықталатын Қазақстан Республикасы Нұр-сұлтан қаласының уақыты Қатысушымен барлық операцияларды жасау уақыты болып табылады.
11.6. Тараптардың қатынастарына Шарт шеңберінде Қатысушының азаматтығы мен тұрғылықты жеріне қарамастан Қазақстан Республикасының материалдық және процессуалдық құқығы қолданылады.

12. Жоба үйлестірушісінің деректемелері

Толық атауы	**ТОО «TLM.KZ»**
БСН	190640011707
Заңды мекен-жайы	РК, г. Алматы, ул.Калдаякова, 17
Электрондық пошта мекен-жайы	mukhamejanovn@gmail.com